

Шәкен ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 09 қыркүйектегі №5 шешімінің қазақ тіліндегі нұсқасына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 шешімі

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес, Шәкен ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шәкен ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 09 қыркүйектегі № 5 шешімінің қазақ тіліндегі нұсқасына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің 1 тармағына

1. Қызылорда облысы Қазалы ауданы Шәкен ауылдық округі Шәкен ауылындағы Бақытжан Смағұлов көшесімен қиылысатын № 1 атауы жоқ көшеге Абибулла Косболов берілсін.

1) "Абибулла Косболов" сөзі "Абибулла Қосболов" сөзімен алмастырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Сарсенбаев